Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті 6-сынып

# *Жаздыгүн шілде болғанда*



***Сабақтың  мақсаты:*** *6.3.3.1 - орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау*



| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Айтылым**.<br>Жаңа сөздерді оқы, таныс, сөз тіркесін құрастыр.<br><br>*Көгорай, жарамсақтану, жалпылдау, күркіреу, бәйге, ат арқылы*<br><br>**Айтылым**.<br>Суреттер бойынша бірнеше сұрақтар құрастырыңдар.<br><br> | Жаңа сөздерді оқиды, танысады, сөз тіркесін құрастырады.<br><br>Оқушылар сурет бойынша сұрақтарға жауап береді. | Мұғалім оқушылардың жауабына қарай бағалайды.<br><br>Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бірі бағалайды. | Слайд, суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **Жазылым.**<br>Сұрақтарға жауап жаз.<br>1. Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>2. Жазда күн қандай болады?<br>3. Сен жазда қайда барасың?<br>4. Жазғы демалысты қалай өткізбексің? | Оқушылар сұрақтарға жауап жазады. | Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бірі бағалайды. | Электронды оқулық |
| | **Оқылым.Айтылым.**<br>Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең бойынша жоспар құр.<br><br>**Жаз**<br>Жаздыгүн шілде болғанда,<br>Көгорай шалғын, бәйшешек<br>Ұзарып өсіп толғанда,<br>Күркіреп жатқан өзенге<br>Көшіп ауыл қонғанда,<br>Шұрқырап жатқан жылқының<br>Шалғыннан жоны қылтылдап,<br>Ат, айғырлар, биелер<br>Бүйірі шығып ыңқылдап,<br>Суда тұрып шыбындап,<br>Құйрығымен шылпылдап,<br>Арасында құлын-тай<br>Айнала шауып бұлтылдап.<br>*Абай Құнанбайұлы* | Өлеңді мәнерлеп оқиды. Өлең бойынша жоспар құрайды. | Әр оқушының жауабын тыңдап, бағалайды. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Айтылым. Жазылым.**<br>Сұрақтарға жауап бер.<br>1. Көгорай шалғын мен бәйшешек қай уақытта ұзарып өседі?<br>2. Ауыл қай кезде өзеннің жағасына көшіп келеді?<br>3. Қандай жылқының жоны қылтылдайды?<br>4. Құлын-тай қай жерде шауып жүреді? | Оқушылар сұрақтарға жауап береді. | Өтілген сабақтағы оқушылардың іс-әрекетін бағалайды. | |

# *Сау болыңыздар!*

